

INTERNATIONAL
SCIENCE REVIEWS



№1 (6) 2025

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 1 (6) / 2025

Astana 2025

International Science Reviews. Social Sciences series
журналының редакциялық алқасы

БАС РЕДАКТОР

- **Амандыкова Сауле Кошкеновна**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

- **Ибраева Айгерим Ергалиевна** – PhD, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдары жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);

РЕДАКТОРЛАР:

- **Хайрмуханмедов Нурбек Исабаевич**, PhD, құқық жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Смагулова Зубиранш Калыбековна**, PhD, экономика жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Ахмадиева Жанна Куанышевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика институтының директоры, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Яцек Залесны**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Варшава университеті (Польша);
- **Милен Балтов**, PhD, профессор, Бургас еркін университеті (Болгария);
- **Ришард Пукала**, PhD, профессор, студенттер жұмыс жөніндегі проректор, Бронислав Маркевич қолданбалы ғылымдар мемлекеттік университеті (Польша);
- **Шаляпин Олег Васильевич**, педагогика ғылымдарының докторы, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры (Ресей);
- **Нағымжанова Қарақат Мұқашқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан);

-
- **Аленов Марат Амрадинович**, заң ғылымдарының докторы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Аймурзина Бағлан Төлегенқызы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Нурмагамбетов Аманжол Мағзумович**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Анафинова Мадина Латыповна**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Жұмабаева Заида Ефимовна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Окутаева Сауле Төлегеновна**, PhD, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Самарханов Талант Нұржақыпұлы**, PhD, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Сейсекенова Айнаш Байкенженовна**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
 - **Шахметова Назира Аханқызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан).

International Science Reviews. Social Sciences series

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

- **Амандыкова Сауле Кошкеновна** – доктор юридических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

- **Ибраева Айгерим Ергалиевна** – PhD, декан Высшей школы социально-гуманитарных наук, Международный университет Астана (Казахстан);

РЕДАКТОРЫ:

- **Хайрмуханмедов Нурбек Исабаевич**, PhD, декан высшей школы права, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Смагулова Зубираш Калыбековна**, PhD, декан высшей школы экономики, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Ахмадиева Жанна Куанышевна**, кандидат педагогических наук, доцент, директор педагогического института, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Яцек Залесны**, доктор юридических наук, профессор, Варшавский университет (Польша);
- **Милен Балтов**, PhD, профессор, Бургасский свободный университет (Болгария);
- **Ришард Пукала**, PhD, профессор, проректор по работе со студентами, Государственный университет прикладных наук Бронислава Маркевича (Польша);
- **Шалыпин Олег Васильевич**, доктор педагогических наук, профессор, Новосибирский государственный педагогический университет (Россия);
- **Нагымжанова Каракат Мукашовна**, доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Казахстан);
- **Аленов Марат Амрадинович**, доктор юридических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Аймурзина Баглан Толегеновна**, доктор экономических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);

-
- **Нурмагамбетов Аманжол Магзумович** – доктор юридических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Анафинова Мадина Латыповна**, кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Жумабаева Зайда Ефимовна**, кандидат педагогических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Окутаева Сауле Толегеновна**, PhD, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Самарханов Талант Нуржакыпович**, PhD, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Сейсекенова Айнаш Байкенженовна** кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
 - **Шахметова Назира Аханқызы**, кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан).

Editorial team of the journal
International Science Reviews. Social Sciences series

CHIEF EDITOR

- **Saule Amandykova**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan)

DEPUTY CHIEF EDITOR

- **Aigerim Ibrayeva**, PhD, Dean of the Higher School of Social Sciences and Humanities, Astana International University (Kazakhstan);

EDITORS:

- **Nurbek Khairmukhanmedov**, PhD, Dean of the Higher School of Law, Astana International University (Kazakhstan);
- **Zubirash Smagulova**, PhD, Dean of the Higher School of Economics, Astana International University (Kazakhstan);
- **Zhanna Akhmediyeva**, Candidate of Pedagogical Sciences, Director of the Pedagogical Institute, Astana International University (Kazakhstan);
- **Jacek Zalesny**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Warsaw University (Poland);
- **Milen Baltov**, PhD, Professor, Burgas Free University (Bulgaria);
- **Ryszard Pukała**, PhD, Professor, Vice-Rector for Student Affairs, Bronisław Markiewicz State University of Applied Sciences (Poland);
- **Oleg Shalyapin**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Novosibirsk State Pedagogical University (Russia);
- **Karakat Nagymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan);
- **Marat Alenov**, Doctor of Legal Sciences, Astana International University (Kazakhstan);
- **Baglan Aimurzina**, Doctor of Economic Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Amanzhol Nurmagambetov**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Madina Anafinova**, Candidate of Philology, Astana International University (Kazakhstan);

- **Zaida Zhumabaeva**, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Saule Okutayeva**, PhD, Astana International University (Kazakhstan);
- **Talant Samarkhanov**, PhD, Astana International University (Kazakhstan);
- **Ainash Seisekenova**, Candidate of Philological Sciences, Astana International University (Kazakhstan);
- **Nazira Shahmetova**, Candidate of Philology, Astana International University (Kazakhstan).

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Astana, Kazakhstan, 010000

Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)

E-mail: aiu.socialscience@yandex.kz

International Science Reviews

Social Sciences series

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»

СОДЕРЖАНИЕ

**Секция
ПРАВО**

L. K. Amandykova, V.Davydov Peculiarities of implementation of international treaties in the Russian Federation.....	10
Ф.М. Абугалиева Отбасылық кәсіпкерлікті жүргізу кезіндегі гендерлік теңдік мәселесі	17

**Секция
ЭКОНОМИКА и ФИНАНСЫ**

С.Галиев, А. Каплан Модернизация как инструмент развития общества: идеологические, концептуальные и методологические основы.....	23
G.K. Baibash, N. Umutkhanov Contemporary approaches and tools for effective human resource management.....	33
A.O. Naukhanbai, Aghipar Bakey Theoretical aspects of consumer credit.....	39
Ш.Н. Нурланов, Г.Т. Лесбаева, Л.К. Мухамбетова Лидерство и управление в образовании: автоэтнографический взгляд на становление директора школы.....	45
G.Zhusupbekova, V.Varzin The role of analysis of the organization's financial position in financial management.....	55
М.Ж. Тұрсымбаева, А.Ш.Гизятова Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі маркетингтің рөлі.....	65

FTAXP: 10.47.31

Отбасылық кәсіпкерлікті жүргізу кезіндегі гендерлік теңдік мәселесі

Ф.М. Аbugалиева *

Астана халықаралық университеті, Құқық жоғары мектебінің аға оқытушысы, з.ғ.м.,
abugalieva.f@bk.ru

*автор-корреспондент

Түйін сөз. Мақалада отбасылық кәсіпкерліктің бір бағыты ретінде әйелдердің кәсіпкерлігі жан-жақты қарастырылған. Отбасылық кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында гендерлік теңдік мәселесіне аса назар аударылады. Сондай-ақ зерттеу барысында әйелдердің кәсіпкерлік қызметпен айналысудағы артықшылықтары мен кемшіліктері жан-жақты талданған. Тәжірибедегі статистикалық мәліметтер келтіріп, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағыттары көрсетілген.

Кілт сөздер: отбасылық кәсіпкерлік, әйелдер кәсіпкерлігі, гендерлік теңдік, бизнестегі әйелдер.

Кіріспе

Еліміздегі отбасылық кәсіпкерлік бизнесті жүргізудің бір нысаны ретінде танымал. Алайда қазіргі таңда әр түрлі отбасылық-тұрмыстық және кәсіпкерлік мәселелерді шешудегі үлкен әлеуетке қарамастан, тиісті деңгейде өз қолданысын таба алмай келеді. Көпшілік жағдайда ол іс жүзінде оны қолданудың тиімділігіне әсер ететін нормативтік-құқықтық реттеуден тыс қалуда.

Отбасылық кәсіпкерлікті отбасылық және кәсіпкерлік құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады, ол өзара әрекеттесуде және екі құқықтық институттың: отбасы мен шағын кәсіпкерліктің қиылысында орналасқан. Осылайша отбасылық кәсіпкерлік институтын кешенді, салааралық құқықтық реттеу туралы тұжырымдама жасауға болады.

Отбасылық кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында гендерлік теңдік мәселесі өзекті тақырыпқа айналмақ. Себебі формальді тұрғыдан әйел мен еркектің құқықтары мен заңи бостандықтары тең болғанымен, қоғамдағы ортаның талаптары ер мен әйелдің арасындағы теңдік мәселесін өзгеше қарастырмақ. Мысалы, әлеуметтік-экономикалық мәселе тұрғысынан отбасылық кәсіпкерлікпен көп жағдайда ер адамдар айналысады. Бизнестегі басқарушылық рөлдердің көпшілігінде ерлер басым. Ал әйелдер болса, көп уақытын тұрмыстық мәселелерді шешумен өткізеді: бала күтімі, үй шаруасы, т.б. Сондықтан тұрмыстық мәселелермен қатар бір уақытта кәсіпкерлікті жүзеге асыру әйелдерге белгілі бір қиындықтар тудыратыны анық. Алайда бұл мәселе әйелдердің мүлдем отбасылық кәсіпкерлікпен айналыса алмайды деген сөзді білдірмейді. Керісінше, табиғатынан әйелдердің потенциалы мен интеллектуалдық қабілеттері ерлермен бірдей деңгейде болуы мүмкін.

Сондықтан осы аталмыш институтты қолға алып, оны дамыту жолдарын жан-жақты қарастырғанымыз жөн. Себебі әйелдердің кәсіпкерлік қызметке етене араласуының арқасында тек бір ғана отбасының әлеуметтік жағдайы жақсарып қана қоймай, сондай-ақ ел экономикасының дамуына жаңа бағыт ашылатыны анық.

Материалдар мен әдістер

Отбасылық кәсіпкерлік тақырыбы заң ғылымындағы көптеген ғалымдардың зерттеуіне айналған.

Мәселен, Барбашин И.В., Федотовская Т.А., Титов С.Н. көрсеткендей, «отбасылық кәсіпкерлік – шағын кәсіпкерліктің бір түрі, кәсіпкерліктің бұл түрінде отбасы мүшелері мен оның туыстары өз кәсіпорындарында меншік иелері де, жұмысшылар да бола алады» [1].

Ал белгілі ғалым Баранец Н.И. отбасылық кәсіпкерлік туралы былай деп атап өткен: «отбасылық кәсіпкерлік – бұл отбасы мүшелерінің, сондай-ақ олар құрған (сатып алған) кәсіпорынның иелері мен қызметкерлері болып табылатын олардың туыстарының бастамашыл қызметі, оның мақсаты – тауарларды (қызметтерді) өндіруді және сатуды ұйымдастыру арқылы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру, бұл түпкілікті тұтынушының өнімге (қызметке) сұранысының өзгеруін үнемі іздеумен бірге жүреді және шығармашылық тәсілдің, сауатты маркетингтік саясаттың және әртүрлі инновацияларды енгізудің арқасында сұранысты қайта құру арқылы жүзеге асады» [2].

Зерттеуші ғалым Киренкина Э.С. өз еңбегінде келесіні баяндайды: «отбасылық кәсіпкерлік – бұл бизнестің серпінді және белсенді элементі, бастамашыл әрі тәуелсіз қызмет, ол өзінің мүлкіктік жауапкершілігімен және өз тәуекелімен азаматтар бірлестіктерімен жүзеге асырылады, онда кем дегенде екі қатысушы – бір отбасының мүшелері болады. Бұл қызмет пайда табу мақсатында өнім өндіруге (қызмет көрсетуге) бағытталған [3].

Көріп отырғанымыздай, зерттеуші ғалымдар отбасылық кәсіпкерлікке анықтама берген кезде, гендерлік бөлу мәселесін қарастырмайды, бизнесті жүргізуі қажет тұлғаның жынысын анықтамайды. Себебі гендерлік теңдік қағидасының негізінде ер де, әйел де отбасылық кәсіпкерліктің қатысушысы, осы кәсіпкерліктің мұрагері бола алатынына кәміл сенуге болады.

Отбасылық кәсіпкерлікті зерттеу барысында әйелдердің кәсіпкерлігін бөлек құқықтық категория ретінде қарастыруға болады. Себебі екеуінің бағыты бір болғанымен, әйелдер кәсіпкерлігінің өзіне тән ерекшеліктері бар.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, XX ғасырдың басында әйелдер жаппай бизнеспен айналыса бастады. Бұл процесс тыныш экономикалық революция деп аталды. Содан кейін «әйелдер кәсіпкерлігі» деген термин сөз пайда болды, яғни бұл – әйелдер басқаратын бизнестің түрі деп бағаланды. Әйелдер кәсіпкерлігі қазіргі заманғы трендке айналуға, экономиканың өсуіне ықпал етуде, осыған байланысты көптеген мемлекеттер осы бизнесті қолдау және ынталандыру саясатын әзірлеуде [4].

Әйелдер кәсіпкерлігі – кез келген ел экономикасының маңызды секторы. Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртетін болсақ, АҚШ-та, Канадада және Еуропалық Одаққа мүше елдерде экономика министрліктерінің қатысуымен Қаржы министрлігі және басқа да мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдар әйелдер кәсіпкерлігін белсенді қолдайды. Әйелдердің жағдайын жақсарту, қаржылық ресурстарға қол жеткізу, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау арқылы Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия және Канада әйелдер кәсіпкерлерінің үштігіне кіреді [5].

Еліміздегі гендерлік теңдік мәселелерін реттеуді мемлекет өз қолына алған болатын. Сол себепті бұл жолда жыл сайын арнайы мақсаттар алға қойылып, әйелдерге қатысты теңдік мәселесін арнайы күн тәртібіне айналдырған.

Республикада гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің құқықтық және институционалдық негізі қалыптасты. Заңнамалық деңгейде әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою және ерлер мен әйелдердің тең құқығын ілгерілету көзделген.

Біздің елімізде әйелдердің қоғам өміріне қатысуы үшін жағдай жасауға көп көңіл бөлінеді. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту жыныстық кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюға және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақсатта 9 міндет алға қойылып, гендерлік теңдікті анықтайтын 16 индикатор кездеседі. Мысалы, индикаторлар бойынша

жергілікті билік органдарындағы әйелдер алатын орындардың үлесі - 30,6%; шаруа немесе фермер қожалықтарын басқаратын әйелдердің үлесі - 27,2% [6].

Қазақстан ресми түрде Париж қаласында өткен «Теңдік ұрпағы» форумы шеңберінде жарияланған гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі іс-қимыл коалициясының қатысушысы болып табылады. Коалиция теңдікті қамтамасыз ету жолындағы ең қиын кедергілерді жоюға бағытталған және 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің «ешкімді артта қалдырмау» қағидаттарына сәйкес келеді.

Сондай-ақ Қазақстан БҰҰ-ның 2022-2024 жылдарға арналған Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып табылады. Бұл Кеңестің басты мақсаты гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтарын кеңейту болып табылады [7].

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір маңызды шарасы – әйелдерді кәсіби оқыту, олардың жұмысқа орналасуы немесе өз ісін ашуы. 2022 жылы 80 мыңға жуық әйел кәсіпкерлік негіздері бойынша курстардан өтті. Оқыту қорытындысы бойынша 13 мыңға жуық әйел грант алды. Олардың 58% - ы тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті технологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды сатып алды, ал 31% - ы мал сатып алып, мал шаруашылығымен айналысты [6].

Соңғы онжылдықта елімізде әйелдердің жаңа буыны қалыптасты: олар қаржылық және психологиялық тәуелсіздікпен сипатталып қана қоймай, отбасын құру мәселесінен бөлек табысты мансап құруға, сондай-ақ рухани және шығармашылық дамуға бағытталған.

Бүгінгі таңда әйелдер Қазақстанның өркендеуіне үлкен үлес қосуда, оның ішінде кәсіпкерлікті дамытуға белсенді қатысуда. Бүгінде мемлекет бизнесті ашу және дамыту үшін жан жақты шаралар жасауда.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры (бқдан әрі – Қор) шағын және орта бизнесті 4 негізгі бағыт бойынша қолдауды жүзеге асырады, бұларға келесілерді жатқызамыз: сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру, жеңілдікпен кредиттеу және арнайы бағдарламалар шеңберінде оқыту. Қор «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба», «қарапайым заттар экономикасы», өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары сияқты мемлекеттік бағдарламалардың операторы болып табылады, сондай-ақ әйел кәсіпкерлерге шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі өз бағдарламалары шеңберінде қолдау көрсетеді.

Бүкіл әлемде әйелдер кәсіпкерлігінің өсуі жаһандық үрдіске айналды. Бұл сегмент экономиканы нығайтуға ықпал етеді, жұмысқа орналасуға мүмкіндік туғызады, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлік саласына елеулі үлес қосады.

Қазақстанда шағын және орта бизнес субъектілерінің иелері арасында әйелдер үлесінің айтарлықтай жоғары деңгейі байқалады. Бұл ретте жеке кәсіпкерлер арасында әйелдер 54% құрайды. Әйелдерге тән бизнес түрлері – білім беру және жылжымайтын мүлік операциялары. Оларда әйел басшылардың үлесі тиісінше 69% және 59% құрайды [8].

Халықаралық ынтымақтастық аясында 2020 жылдың қараша айында Қазақстан «БҰҰ-дағы әйелдер» құрылымының Атқарушы кеңесіне сайланғанын атап өткен жөн. Бір жыл бұрын Нью-Йорктегі «БҰҰ-дағы әйелдер» құрылымының штаб-пәтері «Даму» Қорының «әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын» қолдау туралы мәлімдемесіне қол қоюға келісті. Бұл құжатқа Google, Citigroup Inc, Nasdaq, PwC, Ernst&Young және Coca-Cola сияқты 2 639 компания қол қойды. Қазақстанда «БҰҰ-дағы әйелдер» құрылымы ел Үкіметімен серіктестікте жұмыс істейді [8].

«Даму» Қоры арқылы Үкімет қолдайтын кәсіпкер әйелдер сауда (52%), ауыл шаруашылығы (13%), қызмет көрсету (8%) және өңдеу өнеркәсібі (6%) салаларында жұмыс істейді.

Өңірлер бөлінісінде Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарындағы әйелдер белсенділік танытты. Несие сомасы бойынша көшбасшылар Алматы, Астана қалалары және Шығыс Қазақстан облысы болып табылады.

«Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы Қазақстандағы әйелдер басқаратын әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін Еуропа қайта құру және даму банкімен ынтымақтастық шеңберінде қаржыландыруға, ноу-хауға және қаржылық емес қызметтерге қолжетімділік беру жолымен сәтті іске асырылды, оның шеңберінде 14 мыңға жуық кәсіпкер әйел қолдау тапты [8].

Әйелдер кәсіпкерлігін жүзеге асыру барысында жағымды әсерлермен қатар тәжірибеде кездесетін кемшіліктердің бар екендігін атап өткен жөн. Көптеген сарапшы-мамандар әйелдердің бизнесті жүргізу барысында келесі кедергілерге ұшырайтынын атап өтеді: қолдаудың жоқтығы және ақысыз үй жұмысы, әйелдер деп аталатын қызмет салалары, гендерлік рөлдердің дәстүрлі бөлінуімен бірге экономикалық тәуелділік және қаржыға қол жетімділіктің болмауы т.б.

Әйелдер кәсіпкерлігіндегі кемшіліктерге келесі фактілерді жатқызуға болады:

1) Қолдау және уақыттың жетіспеушілігі. Әйелдер күйеулерінен, балаларынан және туыстарынан жеткілікті түрде қолдау ала алмайды. Сондай-ақ, үй шаруасы мен жеткілікті уақыттың болмауына байланысты әйелдер өз бизнесін ерлерге қарағанда 1,7 есе жиі жабады.

2) Төленбейтін үй жұмысы, жүктілік, бала тәрбиесі, қарт туыстарына күтім жасау әйелдердің өз бизнесін жүргізу мүмкіндігіне әсер етеді. Осы факторлар әйелдердің толық кәсіпкерлікпен айналысуына кедергі келтіреді.

3) Әйелдер мамандықтары. Тағы бір өзекті мәселе – гендерлік стереотиптер және әйелдер кәсіптері деп аталатын мамандықтар (денсаулық сақтау, білім беру, қолөнер, жеңіл өнеркәсіп, туризм және басқалар салалар).

4) Жас шамасы. 25-30 жас аралығында әйелдер жиі тұрмысқа шығып, балалы болады. Осы жастағы ер адамдар экономикалық қызметпен белсенді айналысады. Осыған байланысты әйелдер кейінірек бизнесті бастауы мүмкін.

5) Қаржыға қолжетімділіктің болмауы. Әйелдердің ірі қаржыландыруды алу мүмкіндігі бірнеше есе аз. Өйткені статистикаға сәйкес, мүлік көбінесе ер адамдарға рәсімделеді. Бұл тағы бір өзекті мәселені ашады: әйелдер көп мөлшерде, көбінесе үлкен пайызбен қарыз алуы мүмкін [9].

Осы аталған фактілер әйелдердің толық негізде кәсіпкерліктен айналысуына кедергі келтіруші жағымсыз факторлар ретінде қарастырылмақ. Осы өзекті мәселелермен күрес негізінде ғана кәсіпкерлікпен айналысу жолында гендерлік теңдікті қалыптастыруға мүмкіндік тудыруға болады.

Қорытынды

Отбасылық кәсіпкерліктегі гендерлік теңсіздіктерді болдырмау жолында және олқылықтарды жою мақсатында келесі ұсынымдар ұсынылады:

- Тұрақты баяу экономикалық өсу дәуірінде әйелдердің жаһандық жұмыс күшіне қатысуын арттыру перспективаларды айтарлықтай жақсартуы мүмкін.

- жұмыспен қамту мен кәсіпкерліктегі гендерлік алшақтықты жою жаһандық жалпы ішкі өнімді бірнеше есе арттыруға көмектеседі;

- алдағы онжылдықта гендерлік алшақтықты жою экономикалық өсудің қазіргі жаһандық қарқынын екі есеге арттырады.

Сонымен қатар отбасылық кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында гендерлік теңсіздікке жол бермей, әйел мен ердің арасындағы алшақтықты болдырмау мақсатында кәсіпкерлікті жүргізу және оны басқару мәселесіне әйелдерді етене араластыру қажет деген тұжырымға келеміз. Қоғамдағы әйелдер рөлінің арту үрдісіне сәйкес, әйелдердің кәсіпкерлікпен белсенді түрде айналысуы ел экономикасының қарқынды дамуына жағымды әсер ететініне көз жеткізуге болады. Отбасылық кәсіпкерлік мәселесін қарастырған кезде, оны тек ер адамның бейнесімен ғана сипаттамай, сондай-ақ әйелдердің де қосуы мүмкін үлесін назарға алған

жөн. Себебі әрбір мемлекеттің тірегі – отбасы, ал отбасы ана, әке және баладан құралатыны баршамызға анық.

Әдебиеттер

- [1] Барбашин И.В., Федотовская Т.А., Титов С.Н. Социальные функции семейного предпринимательства в современной России: сущность и формы семейного предпринимательства. Корпоративная социальная ответственность в современной России: теория и практика // Аналитический вестник Совета Федерации. – Москва, 2005. - №26 (278). – 75 с.
- [2] Баранец Н.И. Семейное предпринимательство как социально-экономическая проблема / под ред. Н.И. Баранец // Ученые записки Российского государственного социального университета. – Москва, 2007. – С. 124-131.
- [3] Киренкина Э.С. К вопросу об определении понятия «семейное предприятие» // Таврический национальный университет им. В.И. Вернадского. – Симферополь, 2010. – С. 7-10.
- [4] Женское предпринимательство. [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: https://kaktus.media/doc/503643_jenskoe_predprinimatelstvo_pochemy_eto_ne_tolko_pro_biznes.html (жүгінген күні: 08.01.2025).
- [5] The family owned businesses. The US Censos Bureau [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: <https://www.inc.com/encyclopedia/family-owned-businesses.html> // Family Owned Businesses Retrieved January 2019 (жүгінген күні: 14.01.2025).
- [6] Женское предпринимательство в Казахстане. [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazakhstane-dolya-zhenshchin-vladeltsev-biznesa-sostavlyaet-45-23342> (жүгінген күні: 15.01.2025).
- [7] Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (жүгінген күні: 10.01.2025).
- [8] «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасының негізгі бағыттары. [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: <https://damu.kz/> (жүгінген күні: 10.01.2025).
- [9] Женское предпринимательство. Почему это не только про бизнес [Электронды ресурс] – қолжетімді жүйе: https://kaktus.media/doc/503643_jenskoe_predprinimatelstvo_pochemy_eto_ne_tolko_pro_biznes.html (жүгінген күні: 15.01.2025).

References

- [1] Barbashin I.V., Fedotovskaja T.A., Titov S.N. Social'nye funkicii semejnogo predprinimatel'stva v sovremennoj Rossii: sushhnost' i formy semejnogo predprinimatel'stva. Korporativnaja social'naja otvetstvennost' v sovremennoj Rossii: teorija i praktika // Analiticheskij vestnik Soveta Federacii. – Moskva, 2005. - №26 (278). – 75 s.
- [2] Baranec N.I. Semejnoe predprinimatel'stvo kak social'no-jekonomicheskaja problema / pod red. N.I. Baranec // Uchenye zapiski Rossijskogo gosudarstvennogo social'nogo universiteta. – Moskva, 2007. – S. 124-131.
- [3] Kirenkina Je.S. K voprosu ob opredelenii ponjatija «semejnoe predpriatie» // Tavricheskij nacional'nyj universitet im. V.I. Vernadskogo. – Simferopol', 2010. – S. 7-10.
- [4] Zhenskoe predprinimatel'stvo. [Jelektrondy resurs] – kolzhetimdi zhyje: https://kaktus.media/doc/503643_jenskoe_predprinimatelstvo_pochemy_eto_ne_tolko_pro_biznes.html (zhygingen kyini: 08.01.2025).

- [5] The family owned businesses. The US Censos Bureau [Jelektrondy resurs] – қолжетимди зһыје: <https://www.inc.com/encyclopedia/family-owned-businesses.html> // Family Owned Businesses Retrieved January 2019 (zһygingen kһni: 14.01.2025).
- [6] Zhenskoe predprinimatel'stvo v Kazahstane. [Jelektrondy resurs] – қолжетимди зһыје: <https://primeminister.kz/ru/news/v-kazakhstane-dolya-zhenshchin-vladeltsev-biznesa-sostavlyayet-45-23342> (zһygingen kһni: 15.01.2025).
- [7] Adam күкүктарының zһалпуға birdej deklaracijasy. Deklaracija Birikken Ыlttar Ыjymy Bas Assamblejasynың rezoljucijasymen 1948 zһylfy 10 zһeltoksanda № 217 A (III) қabyldanған. [Jelektrondy resurs] – қолжетимди зһыје: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (zһygingen kһni: 10.01.2025).
- [8] «Biznestegi әjelder» bardarlamasynың negizgi baryttary. [Jelektrondy resurs] – қолжетимди зһыје: <https://damu.kz/> (zһygingen kһni: 10.01.2025).
- [9] Zhenskoe predprinimatel'stvo. Pochemu jeto ne tol'ko pro biznes [Jelektrondy resurs] – қолжетимди зһыје: https://kaktus.media/doc/503643_jenskoe_predprinimatelstvo._pochemy_eto_ne_tolko_pro_biznes.html (zһygingen kһni: 15.01.2025).

Проблема гендерного равенства при ведении семейного предпринимательства

Абугалиева Ф.М*.

Международный университет Астана, старший преподаватель высшей школы права, м.ю.н.
abugalieva.f@bk.ru

Аннотация. В статье подробно рассматривается женское предпринимательство как одно из направлений семейного предпринимательства. Особое внимание при осуществлении семейного предпринимательства уделяется вопросам гендерного равенства. В ходе исследования также были всесторонне проанализированы преимущества и недостатки женского предпринимательства. Приведены статистические данные из практики, показаны направления развития женского предпринимательства.

Ключевые слова: семейное предпринимательство, женское предпринимательство, гендерное равенство, женщины в бизнесе.

The problem of gender equality in the conduct of family entrepreneurship

Abugalieva F.M*.

Astana International University, Senior Lecturer at the Higher School of Law, M.Sc.
abugalieva.f@bk.ru

Annotation. The article examines in detail women's entrepreneurship as one of the areas of family entrepreneurship. Special attention is paid to gender equality issues in the implementation of family entrepreneurship. The study also comprehensively analyzed the advantages and disadvantages of women's entrepreneurship. Statistical data from practice are presented, and the directions of development of women's entrepreneurship are shown.

Keywords: family entrepreneurship, women's entrepreneurship, gender equality, women in business.